

## Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 маусым N 819. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 2286 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитет) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастық саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын атқару өкіметінің орталық органы болып табылады деп белгіленсін.

ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитет Балтық мемлекеттерімен ынтымақтастық саласында да осындай қызметті атқарады.

2. ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитет респубикалық мұдделерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп ТМД және Балтық елдерімен интеграцияның сауда-экономика, валюта, кеден, әскери-саяси мәселелері мен өзге де салаларында мемлекетаралық, үкіметаралық шарттар мен келісімдер жасау жөніндегі министрліктер мен ведомстволардың қызметтің үйлестіруді жүзеге асырады деп белгіленсін.

ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитетке Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп министрліктер мен ведомстволардың жасаған мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдер мен шарттар орындауына бақылау жасау құқы берілсін.

3. <\*>

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19.

N 1806 қаулысымен.

4. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен

ведомстволардың орталық аппараты қызметкерлерінің штат саны  
2 қосымшаға сәйкес 45 адамға қысқартылсын.

<\*>

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қысқартылған  
адамдарды ескере отырып, тиісті министрліктер мен ведомстволардың  
орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шекті шығындарға  
өзгертулер енгізсін.

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.04.

N 1078 қаулысымен.

5.

<\*>

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19.

N 1806 қаулысымен.

6.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.08.20.

N 1033 қаулысымен.

7. Кемінде екі жыл жұмыс істеген және халықаралық қатынастар саласында  
тиісті тәжірибесі бар ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитеті  
орталық аппаратының жауапты қызметкерлері Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша кейін дипломатиялық дәрежелер  
беріліп, дипломатиялық жұмысқа ұсынылуы мүмкін.

8. ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитет Қазақстан  
Республикасының Әділет министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен  
келісілген Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені  
әзірлеп, оны бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер  
Кабинетінің бекітуіне ұсынсын

9. ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитеттің орталық аппаратын  
ұстауға арналған шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының  
республикалық бюджетінде қарастырылған мемлекеттік басқару органдарын

ұстауға арналған қаржы есебінен жүзеге асырылады.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі оның материалдық-техникалық базасын дамыту мен нығайтуды, сондай-ақ автоматтандырылған режимдегі ақпарат жүйесін құруды ескере отырып, ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитетке бөлінетін бюджет қаржысының сомасын айқындасын.

11. <\*>

Ескерту. 11-тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.01.18.

N 68 қаулысымен.

12. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитетті байланыстың үкіметтік каналдарымен, сондай-ақ қажетті телефон, телекс және телекоммуникациялардың байланысымен, оның ішінде бұлардың халықаралығымен бірінші кезекте қамтамасыз етсін.

13. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппаратынан ауыстырылған Үнтымақтастық мембентеріне бұрынғы жұмыс орнындағыдан төмен емес еңбекке ақы төлеу және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қызметкерлеріне көзделген медициналық қызмет көрсету шарттары қолданылсын.

14. <\*>

Ескерту. 14-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19.

N 1806 қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитетпен бірлесіп Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен және Балтық мемлекеттерімен ынтымақтастық саласындағы министрліктердің, ведомстволар мен жергілікті басқару органдарының функциялары мен қызмет аяларын шектеу және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін "Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеттің құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 2286 Жарлығымен және осы қаулымен сәйкестендіру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бір ай мерзім ішінде ұсынсын.

16. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті оның қызметінің ерекшелігін ескере отырып, ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі комитеттің орталық аппаратын орналастыру үшін Алматы қаласында үй-жай бөлуді 10 күн мерзім ішінде қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 маусымдағы  
N 819 қаулысына  
1 қосымша

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі  
мемлекеттік комитеті орталық аппаратының  
Құрылымы

Басшылық  
Ынтымақтастық стратегиясы мен ұйымдастырылуы жөніндегі  
бас басқарма  
Ынтымақтастықтың экономикалық проблемалары жөніндегі  
бас басқарма  
Көптарапты және қостарапты экономикалық шарттар мен  
бағдарламалардың басқармасы (жетекші)  
Әлеуметтік бағдарламалар мен экология жөніндегі басқарма  
(жетекші)

<\*>

Ақпараттық-талдау жұмыстары жөніндегі бөлім

<\*>

Хаттама бөлімі

<\*>

Қаржылық қамтамасыз ету, кадр саясаты және арнаулы жұмыс  
басқармасы (жетекші)

<\*>

Ескерту. 1-ші қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің  
1995.07.31. N 1043 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 маусымдағы  
N 819 қаулысына  
2 қосымша

Орталық аппараты қызметкерлерінің штаттық

саны қысқартылатын Қазақстан Республикасы  
министрліктері мен ведомстволарының  
Тізбесі

---

Министрліктер мен ведомстволар | Қысқартылған  
| адамдар саны

---

1 | 2

---

Денсаулықмині 1

<\*>

Мәдениетмині	2
Ғылыммині	2
Біліммині	2
Қорғанысмині	2
Баспасөзині	1

<\*>

Жастартұрспортмині	1
Ауылшармині	4
Көлікмині	4
Мұнайгазөнеркәсіпмині	1
Еңбекмині	1
Құрылымыні	2
Қаржымыні	2
Экономмині	3
Энергиякөмірөнеркәсіпмині	1
Экобиоресурсыні	2
Әділетмині	2
Қазақстан Республикасы Министрлер	
Кабинетінің Аппараты	2
Мемстатком	2
Суресурскомы	1
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жаңындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөнінде комитет	1
"Қазақкино" мемкинокомпаниясы	1
Қазгидромет	1
Мемстандарт	1
Қазақстан Республикасы Министрлер	
Кабинетінің жаңындағы Ұлттық патент ведомствосы	1
Ұлттық аэроғарыш агенттігі	2
<hr/>	
Барлығы	45

<\*>

Ескерту. 2-ші қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің  
1995.08.04. N 1078 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК